

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№25 ОРТА МЕКТЕБІ»

КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ
ШКОЛА №25» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО
КАЗАЛИНСКОМУ РАЙОНУ»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Қазақстан Республикасы, 120411, Қызылорда облысы,
Қазалы ауданы, Қожабақы ауылы, Бейбітшілік көшесі, 7 үй
тел/факс: 8-(72438) 5-51-28, 5-51-00,
e-mail: kazaly_25@mail.ru

Республика Казахстан, 120411, Кызылординская область,
Казалинский район, село Кожабакы, улица Бибитшилик, д.7
тел/факс: 8-(72438) 5-51-28, 5-51-00,
e-mail: kazaly_25@mail.ru

БҰЙРЫҚ

«29» тамыз 2024 ж

№149

**Мектепшілік бракераждық
комиссия құру**

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №16 бұйрығын басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**
 1. Оқушыларға берілетін тамақтың сапасын т.б бақылауға алу үшін төмендегі құрамда комиссия құрылсын :
 1. Әбжәлел Т-комиссия төрағасы, мектеп директоры
 2. Сейітова Н-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мүшесі
 3. Қожахметов Ж-әлеуметтік педагог, мүшесі
 4. Махамаш Т-қамқоршылық кеңес төрағасы, мүшесі
 5. Абатова Ж-мектеп мейіркеші, мүшесі/келісімі бойынша
 6. Алиева А-ата-аналар комитетінің төрағасы, мүшесі
 7. Орынбасарова А-ата-ана, мүшесі
 8. Нашен Д-кәсіподақ ұйымының төрағасы, мүшесі
 9. Сәрсенова Г-шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары, мүшесі
 2. Берілген ас мәзірін апта сайын міндетті қайталап орындау жүзеге асырылсын
 3. Оқушылардың тамақтану ұйымдастырылсын және тамақ уақыты екінші сабақтан кейін берілсін.
 4. Мектепшілік құрылған бракераждық комиссия жүйелі бақылауды жүзеге асыру міндеттелсін (күн сайын әзірленген дайын тамақтың сақталуы, оның бірқалыпты ыстық күйде болуын, тағамның өлшемі мен дайындалу технологиясының бекітілген ас мәзіріне сай болу)
 5. Асханадағы үстелдерге алдын ала тағамдарды даярлауға оқушыларды тар туға тыйым салынсын.
 6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

Мектеп директоры :
(көшірме дұрыс)



Т.Әбжәлел

Хаттама № 1

2024 жылдың 28 тамызы күні № 25 мектеп жанынан мектепішілік бракераждық комиссия құрамын жасақтау мақсатында мектепішілік отырыс болып өтті

Күн тәртібінде:

Білім беру ұйымында берілетін ыстық тамақтың сапасын бақылап отыру мақсатында №25 мектеп жанынан мектепішілік бракераждық комиссия құрамын ұйымдастыру.
/хабарламашы:әлеуметтік педагог:Ж.Қожахметов/

Тыңдалды:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №16 бұйрығында мектеп асханасында білім алушыларға берілетін тамақтың сапасын қадағалап отыру бракераждық комиссия құрамына жүктелген.Мектеп асханасына келіп түскен шикі өнімдердің (ет,сүт,сары май,өсімдік майы т.б) сапасы,жағдайы т.б тексеріп отыру үшін оқу жылының басында комиссия құрамын жасақтап алғанымыз дұрыс.

Т.Әбжәлел-мектеп директоры:

Мектеп асханасында балаларды тамақтандыруда кесіпкерден келіп түскен шикі тамақтың сапасы маңызды рол атқарады.Оларды қабылдап алу осы комиссияның міндеті.Сондықтан әлеуметтік педагог айтып өткендей ҚР денсаулық сақтау министрінің 2022 жыл 17 ақпандағы №16 бұйрығын басшылыққа алып жұмыс атқарылу керек. Заңнамада көрсетілгендей мектептің әкімшілік құрамынан,ата-аналар комитетінің өкілі,шаруашылық меңгерушісі т.б комиссия құрамына енгізе отырып мектеп басшысының бұйрығымен бекітілуі тиіс.Комиссия төрайымына тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Сейітованы,мүшелігіне шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Г.Сәрсенованы ұсынамын.

Н.Сейітова-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Балалар біздің болашығымыз,сондықтан олардың амандығы басты назарымызда болуы тиіс.Комиссия мүшелігіне әлеуметтік педагог Ж.Қожахметовті,ата-аналар комитетінің төрайымы А.Алиеваны,кәсіподақ ұйымының төрағасы Д.Нәшенді ұсынуды жөн көріп отырмын.

Д.Нәшен-кәсіподақ ұйымының төрағасы:

Айтқандарыңызбен толықтай келісемін.Болашағымыз жарқын болсын десек балалардың амандығын ойлағанымыз жөн.Мектеп асханасынан балалардың тамақтан уланғанын ақпарат құралдарынан есітіп жатырмыз.Сонықтан комиссия құрамының жұмысы жеңіл деп ойламаймын.Мен сынып жетекшілерден С.Сарсенді,ата-ана А.Орынбасарованы комиссия құрамына қосуды сұраймын.

Басқа қатысушылар жоғарыда сөз алған әріптестерінің пікірлеріне қосыла отырып,осы ұсынылған азаматтарды мектепішілік бракераждық комиссия құрамына алуды дұрыс деп ойларын жеткізді.

Басқа қатысушылар жоғарыда сөз алған әріптестерінің пікірлеріне қосыла отырып, осы ұсынылған азаматтарды мектепшілік тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөнінде комиссия құрамына алуды дұрыс деп ойларын ортаға салды.

Мектеп жанынан өткізілген мектепшілік отырыс қаулы етеді:

1. Мектепшілік тамақтың сапасына мониторинг жүргізу жөнінде комиссия құрамының төрағасы болып мектеп директоры Т.Әбжәлел бекітілсін.
2. Отырыс барысында ұсынылған мұғалімдер, ата-аналар мектепшілік тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөнінде комиссия құрамына алынсын.
3. Ағымдағы оқу жылы барысында мектеп асханасына келіп түскен тағамдардың сапасына, мектеп асханасынан әзірленген тағамның ас мәзіріне сай берілуіне бақылауды жүргізу мектепшілік тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөнінде комиссия құрамынан сұралсын
4. Оқушылардың кезекпен тамақтануын ұйымдастыру әлеуметтік педагог Ж.Қожахметовқа міндеттелсін.
5. Мектеп асханасының құрал-жабдықтарының әрдайым жарамды болын қадағалау шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Г.Сәрсенова тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы:



Т.Әбжәлел

Хатшысы:



Ж.Қожахметов

Бекітемін
Мектеп директоры:



Т.Әбжелел

№25 орта мектеп жанынан құрылған бракераждық комиссияның 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

тамыз, 2024 ж

№	Жұмыс мазмұны	мерзімі	Жауапты
1	Бракераждық комиссия құрамын жасақтап бекіту	тамыз	Мектепшілік отырыс
2	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жыл 17 ақпандағы №16 бұйрымен бекітілген қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын талаптармен танысу	тамыз	Комиссия құрамы
3	Тамақ өнімдерін тасымалдау, жеткізу және түсіру кезінде санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылау	мерзімінде	Комиссия құрамы
4	Ас блогының (қойма және басқа үй-жайларды қоса алғанда) және тамақтану залының санитарлық жағдайын, ыдыс-аяқтың сапасын бақылау	үнемі	Комиссия құрамы
5	Тиісті құжаттары жоқ қызметкерлерді жұмысқа жібермеу (санитарлық кітапшалар, дипломдар сертификаттар т.б)	Тамыз	Комиссия құрамы
6	Түсетін шикізатты қабылдауды, сақтау шарттарын, өткізу, пайдалану мерзімдерін, аспаздық өңдеуді, тамақ өнімдерін дайындау технологиясын бақылауды жүзеге асыру	үнемі	Комиссия құрамы
7	Тамақтың әртүрлілігін апталық ас-мәзірдің сақталуын бақылап отыру	үнемі	Комиссия құрамы
8	Ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау	үнемі	Комиссия құрамы
9	Дайын тамақтың органолептикалық бағасын жүргізу, оның түсін, иісін, дәмін, қаттылығын, шырынын анықтау	Күн сайын	Комиссия құрамы